

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДІЛЕТ ҚАҒАМЫ  
ОБЛЫСЫНЫҢ АДИЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТУ  
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ АДИЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ  
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

2019 ж. «22» қаңтар

950140002016

(Бизнестің заңдылықтарын нығайту)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АДИЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ  
АДИЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
КӨКШЕТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ АДИЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫҢ  
ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ  
2019 ж. «22» қаңтар  
Қуәлік № 1914-1902-01-АА

«Ақмола облыстық адвокаттар алқасы»  
адвокаттар алқасы мүшелерінің  
жалпы жиналысымен (Конференциясымен)

«18» қаңтар 2019 жылы

Қабылданды



## «Ақмола облыстық адвокаттар алқасы» адвокаттар алқасының ЖАРҒЫСЫ

Көкшетау қаласы  
2019 жыл

## ТАРАУ 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Алқаның атауы:

1) мемлекеттік тілде: толық атауы - «Ақмола облыстық адвокаттар алқасы» адвокаттар алқасы;

қысқартылған атауы- «АОАА» АА

2) орыс тілінде: толық атауы - Коллегия адвокатов «Акмолинская областная коллегия адвокатов»;

қысқартылған атауы -КА «АОКА»

3) ағылшын тілінде: толық атауы – Bar Association "Akmola Regional Bar Association";

қысқартылған атауы –ВА «ARBA».

2. «Ақмола облыстық адвокаттар алқасы» адвокаттар алқасы (бұдан әрі – «Алқа») жеке және заңды тұлғаларды заң көмегін көрсету, адвокаттардың заңды құқықтары мен заңды мүдделерін көрсету және қорғау, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 05 қазандағы Заңымен (бұдан әрі - «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңы) және осы Жарғымен (бұдан әрі – «Жарғы») бекітілген өзге қызметтерді орындау үшін адвокаттармен құрылатын, адвокаттардың коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзіндік басқарылатын және өзіндік қаржыландырылатын мекеме болып табылады.

3. Алқаның орналасу орны (заңды мекенжайы): Қазақстан Республикасы, пошта индексі С00Р5Е0, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Тәшенов көшесі, 47/2-үйі.

4. Алқаның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

## ТАРАУ 2. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

5. Алқа заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заң, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілері, осы Жарғы, Алқа мүшелерінің Жалпы жиналысының (Конференциясының) шешімдерімен және Алқа Төралқасының (бұдан әрі – «Президиум») қаулылары, Республикалық адвокаттар алқасының шешімдері негізінде әрекет етеді.

6. Алқаның меншік құқығында айрықшаланған мүлік, өзіндік баланс, банктердегі ағымдық және өзге есепшоттарға, мемлекеттік және орыс тілдерінде өзінің толық атауы көрсетілген дөңгелек мөр, мөртаңбалар мен бланкілерге ие.

7. Алқа өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікке ие емес. Алқа мүшелері Алқаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

### ТАРАУ 3. АЛҚА ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ

8. Алқа қызметінің мәні келесі түрде заң көмегін көрсету бойынша адвокаттар қызметін ұйымдастыру болып табылады:

- 1) құқықтық ақпараттандыру;
- 2) құқықтық кеңес беру;
- 3) Адвокаттық қызмет туралы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен бекітілген жағдайларда және тәртіпте жеке және заңды тұлғалардың соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес мекемелерде мүдделерін қорғау және өкілдік ету;
- 4) клиентпен қолданыстағы немесе мүмкін құқықтық қарым-қатынастарда қатысушылар болып табылатын, өзге тұлғалармен өзара әрекеттесуде клиенттің заңды мүдделерін қорғау үшін өзге құқықтық әрекеттерді жасау.

9. Алқа қызметінің мақсаты Мемлекетпен кепілдендірілген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген әрбір тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын сотпен қорғау құқығын іске асыруға жәрдемдесу, білікті заң көмегін алу болып табылады.

10. Алқаның міндеттері болып табылады:

- 1) адвокаттық қызметті іске асыру кезінде Алқа мүшелеріне жәрдем ету, кәсіби көмек және қорғау;
- 2) Алқа мүшелерінің қызметтерін материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3) адвокаттық қызметті іске асыруға жасалынатын кәсіби бақылауды ұйымдастыру;
- 4) Алқа мүшелерінің біліктілігін жоғарылату және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалардың тағылымдамасын ұйымдастыру;
- 5) мемлекетпен кепілдендірілген заңды көмектің көрсетілуін және алғашқы тергеу және сот органдарының тағайындалуы бойынша қорғауды ұйымдастыру.

11. Заң көмегін көрсету келесі қағидаларға негізделеді:

- 1) заңның үстемділігі;
- 2) заң көмегін көрсететін тұлғалардың тәуелсіздігі;
- 3) клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау;
- 4) клиенттің мүдделерінде заң көмегін ұсыну;
- 5) кәсіби құпияны сақтау;
- 6) кәсіби және этикалық қылық нормаларын қадағалау;
- 7) заң көмегін көрсету шектеулері мен шараларын анықтау бостандықтары;
- 8) заң көмегін көрсету стандарттарын қадағалау;
- 9) сотқа, сот өндірісінің ережелеріне және кәсібі бойынша алқаларға құрмет көрсету;
- 10) заң көмегінің қолжетімділігі.

## ТАРАУ 4. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12. Адвокаттар Алқасының мүшесі:

- 1) Адвокаттар алқасы, оның органдары мен лауазымды тұлғалар тарапынан жәрдемдесуді, кәсіби жәрдемді және қорғанысты пайдалануға;
- 2) Адвокаттар алқасына сайлануға және органдарға сайлануға;
- 3) Адвокаттар алқасының органдарының алдында оның қызметіне қатысты сұрақтарды қоюға, Алқа және оның органдарының жұмысын жақсартуға қатысты ұсыныстарды жасауға, Адвокаттар алқасы органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдардың ұсынылуын талап етуге;
- 4) Адвокаттар алқасы органдарының оның қызметі немесе қылығын тексеру мен талқылаудың барлық жағдайларына жеке қатысуға;
- 5) осы Жарғымен анықталған тәртіпте және шарттарда Адвокаттар алқасының мүлкін пайдалануға;
- 6) жеке қалауы бойынша Алқаның құрамынан шығуға (мүшелікті тоқтатуға);
- 7) Республикалық адвокаттар алқасы немесе сотта адвокаттардың тәртіптік комиссиясының (бұдан әрі – Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы) шешімін даулауға құқылы.

13. Адвокаттар алқасының мүшесі міндетті:

- 1) Адвокаттар алқасының жарғы, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының және адвокаттық қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы өзге заңнамалық актілерінің талаптарын қадағалауға;
- 2) Адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысының (Конференциясының), Алқа органдарының, Республикалық адвокаттар алқасы мен олардың органдарының шешімдерін орындауға;
- 3) Адвокаттар Алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысының (Конференциясының) шешімімен бекітілген мүшелік және нысаналық жарналарды төлеуге;
- 4) Адвокаттар алқасының Төралқасына көрсетілген заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді ұсынуға;
- 5) Рұқсат берулер мен хабарландырулар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте және шарттарда тегінің, атының, әкесінің атының (болған жағдайда) өзгеруі жағдайларында адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензияны қайта рәсімдеу туралы лицензиардың өтінішін беруге;
- 6) Адвокаттар алқасының Президумын сәйкес оқиғаның орын алу сәтінен бастап үш жұмыс күнінің ішінде өзінің заңды мекенжайының, кеңсесінің пошта мекенжайының өзгеруі, тұрғылықты мекенжайының, телефон нөмірлерінің, электронды мекенжайының ауысуы туралы ақпараттандыруға;

- 7) Адвокаттар алқасының Төралқасына жеке немесе заңды тұлғалардың көрсетілген заң көмегінің сапасына жүгінулері бойынша тексеру үшін қажетті материалдарды ұсынуға;
- 8) Адвокаттар алқасының жалпы жиналысына (Конференциясына) қатысуға;
- 9) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңмен және Адвокаттардың кәсіби этика Кодексімен қарастырылған адвокат қылығының кәсіби және этикалық нормаларын, сондай-ақ құзыретті органмен келісім бойынша Республикалық адвокаттар алқасы конференциясымен бекітілген заң көмегін көрсету стандарттарын қадағалауға;
- 10) өзіне жүгінген тұлғамен заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты міндетті тәртіпте бекітуге;
- 11) әрбір іс бойынша, оның ішінде мемлекетпен кепілдендірілген заң көмегін көрсетуде бақылау өндірісін жүргізуге;
- 12) адвокаттық қызметті іске асыруда кедергі келтіру және кәсіби тиістілігі негізі бойынша кемсітушіліктің барлық фактілері туралы максималды қысқа мерзімдерде Адвокаттар Алқасының Төралқасын жазбаша ақпараттандыруға;
- 13) шақырылуына қарай Адвокаттардың тәртіптік комиссия отырысына келуге;
- 14) келесідегідей көмектің көрсетілу нәтижесінде шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген залалдың салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шартын бекіту (Бұл тармақша 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді);
- 15) Алқа мүшесі кәсіби жауапкершілікті сақтандыру шартының болмауы жағдайында заң көмегін көрсетуге кірісуге құқысыз (Бұл тармақша 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді);
14. Алқа мүшесі мүшелік және нысаналық жарналарды төлеу міндеттемелерінен өзге, Алқаның алдында өзге бір жақты мүліктік міндеттемелерді көтере алмайды.
15. Алқа мүшелерінің құқықтары мен міндеттері бірдей.

## **ТАРАУ 5. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ МҮШЕЛІГІНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ. ТАҒЫЛЫМГЕРЛЕР МЕН АДВОКАТТАРДЫҢ КӨМЕКШІЛЕРІ**

16. Адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады.
17. Алқаға мүшелікке қабылдау тізімі Адвокаттар Алқасының Төралқасымен бекітілген құжаттарды қосымшалай отырып, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы, жоғары заң білімі бар, Қазақстан Республикасы азаматының жазбаша өтініші негізінде Адвокаттар алқасының Төралқасымен іске асырылады.
18. Өтініштерді қарастыра бастағанға дейін Адвокаттар алқасының Төралқасы кандидатпен ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеру және

түскен өтініш бойынша негізделген шешімді қабылдау үшін қажетті өзге ақпараттың жиналуын іске асыруға құқылы.

19. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау туралы өтінім Адвокаттар алқасының Төралқасының кезекті отырысында, алайда Адвокаттар алқасының Төралқасына оның түсу күнінен бастап айлық мерзімнен кеш емес мерзімде Адвокаттар алқасына мүшелікке кандидаттың қатысуымен қарастырылады.

20. Өтініштерді қарастыру нәтижелері бойынша Адвокаттар алқасының Төралқасы Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау немесе Адвокаттар Алқасы мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы негізделген шешімді қабылдайды.

21. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тарту үшін негіздеме «Адвокаттық қызмет және заң жәрдемі туралы» ҚР Заңының 32-бабы 2-тармағымен қарастырылған жағдайлардың бірін табу болып табылады:

1) сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар болса;

2) қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

3) теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан шығарылған, сондай-ақ судья лауазымынан босатылған адам шығарылған (босатылған) күннен бастап бір жыл бойы;

4) әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

5) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған адам;

6) егер шығарылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасының тізілімінен шығарылған адам да адвокат бола алмайды;

22. Адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдаудан бас тарту Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағымдалуы мүмкін.

23. Адвокаттар Алқасынан тұлғаның шектелуі, алайда адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияның сақтап қалуы жағдайында ол шектелген күнінен бастап алты айдан кейін Адвокаттар алқасына қайта қабылдана алады. Аталмыш мерзімнің ішінде адвокаттық қызметті іске асыруға жол берілмейді.

24. Республикалық адвокаттар алқасымен бекітілген тәртіпте Алқаның мүшелігіне кіретін лицензиат келесі мазмұндағы антты қабылдайды:

«Мен, (аты және тегі), заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін сақтауға, адам құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін адал және шынайы ниетпен қорғауға, заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес жүктелген міндеттерді орындауға салтанатты түрде ант етемін».

Лицензиат ант мәтініне қол қояды, ол адвокаттың жеке ісінде сақталады.

25. Адвокаттардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері болуы мүмкін.

26. Адвокаттың көмекшілері еңбек шарты негізінде заң консультациясында, адвокаттық кеңседе немесе адвокаттық қызметпен жеке-дара айналысатын адвокатта жұмыс істей алады.

27. Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқауы бойынша және жауапкершілігімен оның тапсырмаларын орындауға құқылы.

28. Адвокаттық қызметтің кәсіптік білімдері мен практикалық дағдыларын меңгеру мақсатында адвокаттар алқасымен тағылымдамадан өту туралы шарт жасасқан, жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы адвокаттың тағылымдамадан өтушісі болып табылады.

29. Осы Заңның 32-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келетін және тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адам адвокаттар алқасының төралқасына тізбесі уәкілетті органмен келісу бойынша Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейтін және бекітетін Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеде белгіленетін құжаттарды қоса бере отырып, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішпен жүгінеді.

30. Тағылымдама 5 (бес) жылдан кем емес адвокаттық қызмет өтіліне ие адвокаттың басшылығымен іске асырылады. Тағылымдама ұзақтығы 6 (алты) айдан бастап 1 (бір) жылға дейін құрайды.

31. Тағылымдамадан өту Адвокаттар алқасы және тағылымдамадан өтушінің арасында бекітілген шартқа сәйкес ақылы негізде жүргізіледі.

32. Тағылымдама кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

33. Тағылымдамадан өту кезеңінде тағылымдамадан өтуші еңбек шарты бойынша адвокаттың көмекшісі ретінде жұмысқа қабылдануы мүмкін.

34. Тағылымдамадан өтуді ұйымдастыруды уәкілетті органмен келісу бойынша Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейтін және бекітетін Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге сәйкес адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

35. Тағылымдаманың нәтижелері бойынша тағылымдамадан өтушінің жетекшісі қорытынды жасайды және оны бекіту үшін адвокаттар алқасының төралқасына береді.

36. Адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдама материалдарын қарау қорытындылары бойынша тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекіту не тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

37. Тағылымдамадан ойдағыдай өткені туралы қорытынды адвокаттар алқасының төралқасы бекіткен күннен бастап 3 (үш) жыл бойы жарамды болады.

38. Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы

шешім уәжді болуға тиіс және оған Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

39. Тағылымдамадан өтпеген адам тағылымдамаға жалпы негіздерде қайта жіберіледі.

40. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар тағылымдамадан өтпейді.

41. Адвокаттың көмекшісі мен тағылымдамадан өтушісі адвокаттық қызметпен дербес айналысуға құқылы емес.

## **ТАРАУ 6. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНА МҮШЕЛІКТІ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ**

42. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жалпы негіздерден басқа, мынадай:

- 1) адвокат мемлекеттік қызметте болған;
- 2) ол Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, тұрақты немесе жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіліктерін атқарған;
- 3) адвокат мерзімді әскери қызметті өткерген;
- 4) адвокат өз қызметін адвокаттар алқасына берілген өзінің өтініші негізінде тоқтата тұрған кезеңде тоқтатыла тұрады;
- 5) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиядан айыру туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғанда – шешім қабылданғанға дейін;
- 6) адвокатты қылмыстық-процестік заңға сәйкес қылмыс жасауда айыпталушы деп танығанда – үкім заңды күшіне енгенге дейін;
- 7) біліктілікті арттырудан өту мерзімін күнтізбелік отыз күннен астам уақыт дәлелсіз себеппен бұзғанда не оны өтуден бас тартқанда – бұзушылық жойылғанға дейін, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге;
- 8) адвокат мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарына сәйкес келмейтін, мемлекет кепілдік берген заң көмегін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) көрсеткенде – алты айға;
- 9) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзғанда – алты айға;
- 10) коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар



кәсіпкерлік немесе өзге де ақы төленетін қызметпен де айналысқанда – алты айға тоқтатыла тұрады.

43. Адвокаттар алқасына мүшелік келесі кезеңге адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензияның күшін тоқтата тұру туралы адвокаттың өтініші негізінде Адвокаттар алқасының Төралқасының шешімімен тоқтатылады:

- 1) жүктілік және босану, немесе үш жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыста болу;
- 2) еңбек қабілетсіздігінің алғашқы күнінен бастап еңбек қабілеттігін қалпына келтіру күніне дейін немесе мүгедекті қалпына келтіргенге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіби еңбек қабілеттілігін жоғалтуын анықтағанға немесе мүгедектікті бекіткенге дейін қатарынан екі айдан аса уақытша еңбек қабілетсіздігі салдарынан адвокаттық қызметті іске асыру мүмкінсіздігі;
- 3) сәйкес растаушы құжаттардың негізінде отбасылық, жеке және өзге сипаттағы жағдайлар бойынша 6 айға дейін, дәйекті себеп бойынша 1 (бір) жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

44. осы Жарғының 42-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларымен қарастырылған негіздер бойынша мүшелікті тоқтату кезеңіне Адвокаттар алқасының төралқасы Адвокаттар алқасының мүшесін мүшелік және нысаналық жарналарды төлеуінен босатады.

45. Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттың адвокаттар алқасына мүшелігін мынадай:

- 1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы тоқтатылған немесе одан айырылған;
  - 2) систематической неуплаты членских взносов (более трех месяцев подряд);
  - 3) коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге ақы төленетін қызметпен де айналысқан;
  - 4) өз еркі бойынша;
  - 5) адвокат қайтыс болған жағдайларда;
- адвокат заңды күшіне енген сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабарсыз кетті деп танылған;
- 6) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;
  - 7) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;
  - 8) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
  - 9) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда жүзеге асырады.

10) Алқа мүшелерінің Жалпы жиналысымен (конференциясымен) бекітілген тәртіпте және көлемде нысаналық жарнаны төлемеу;

11) Жалпы жиналыс (Конференция), Республикалық адвокаттар алқасының конференциясы және олардың органдарының шешімдерін Алқа мүшесінің орындамауы немесе орындаудан бас тартуы.

12) адвокат өз міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, адвокаттар алқасының жарғысында бекітілген заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін өрескел не бірнеше рет бұзған;

13) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындай алмауы;

14) адвокаттың лицензия беруге негіз болған құжаттарда анық емес немесе қасақана бұрмалаған ақпарат ұсыну фактісі анықталған.

46. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиядан айыру және әрекет етуін тоқтату лицензиармен «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» ҚР Заңының 44-бабына сәйкес іске асырылады.

47. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтатуға адвокаттар алқасының төралқасы қаулысының көшірмесі адвокатқа табыс етілген күннен бастап бір ай мерзімде Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

## **ТАРАУ 7. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ. АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

48. Адвокаттар алқасының органдары болып табылады:  
жоғары орган - Мүшелердің жалпы жиналысы (Конференция);  
атқарушы орган - Төралқа;  
бақылау орган – Ревизиялық комиссия.

49. Адвокаттар алқасында адвокаттардың тәртіптік комиссиясы, аттестациялық комиссия және адвокаттық этика комиссиясы құрылады.

50. Адвокаттар алқасында Адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысымен (Конференциясымен) қабылданған ережелердің негізінде әрекет ететін өзге де органдар құрылуы мүмкін.

### **7.1. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (Конференция)**

51. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (Конференция) адвокаттар Алқасының жоғары органы болып табылады және оның қызметінің кез-келген сұрақтарын шешуге құқылы.

52. Адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысының (Конференциялардың) айрықша құзыреттілігіне кіреді:

1) Адвокаттар алқасының Жарғысын және оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы шешімдерді қабылдау;

2) Төралқаны, Төралқа Төрағасын, ревизиялық комиссияны, ревизиялық комиссия төрағасын, Адвокаттар алқасының Тәртіптік комиссиясын, адвокаттар алқасының Тәртіптік комиссиясының Төрағасын сайлау.

3) Аттестациялық комиссияны, оның төрағасын, Адвокаттық этика Комиссиясын, оның төрағасын сайлау – өзге – Алқа органдарын және олардың басшыларын, қызметкерлерін құру және сайлау, бұл органдар туралы ережелерді бекіту;

4) Адвокаттар алқасы органдарының, Адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау және бекіту;

5) Төралқа мүшелерінің, Төралқа төрағасының, өзге таңдау органдары мүшелері мен Төрағасының және адвокаттар Алқасының қызметкерлерінің жедел пікірі;

6) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде есептелетін мүшелік және нысаналы жарналардың мөлшерлемелерін белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аз адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлейді;

7) егер нысаналық жарналардың салынуы талап етілетін болса, жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шешімдерді қабылдау;

8) жылжымайтын мүлікті оқшаулау туралы шешімдерді қабылдау;

9) Республикалық адвокаттар алқасы конференциясы делегаттарын сайлау;

10) кірістер мен шығындардың шамалы сметасын бекіту;

11) Адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есепті бекіту.

53. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (Конференция) Адвокаттар алқасы мүшелерінің немесе, сәйкесінше, адвокаттар алқасы мүшелерінің конференцияның сайланған делегаттар құрамының жалпы санының үштен екісінің болуы жағдайында шешім қабылдауға құқылы. Егер онда Адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысы (Конференция) қатысушыларының немесе Адвокаттар алқасы мүшелері Конференциясының делегаттарының басым көпшілігі дауыс берсе, шешім қабылданған болып есептеледі.

54. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (Конференция) Адвокаттар алқасының Төралқасымен жылына бір реттен сирек емес шақырылады. Ревизиялық комиссияның немесе Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санынан төрттен бірінен кем емес санының талабы бойынша Адвокаттар алқасы Төралқасының Төрағасы отыз күннің ішінде адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысын (Конференцияны) шақыруға міндетті.

## 7.2. Адвокаттар алқасының Төралқасы

55. Адвокаттар Алқасының Төралқасы (бұдан әрі – «Төралқа») төрт жылдан аспайтын мерзімге жасырын дауыс беру арқылы Жалпы жиналыспен (Конференциямен) сайланған, Адвокаттар алқасының атқарушы органы болып табылады. Төралқа мүшелерінің саны Алқа мүшелерінің жалпы санына тәуелді Жалпы жиналыспен (Конференциямен) анықталады.

Тек қана бір тұлғалар бір мерзімнен артық Төралқа мүшелері бола алмайды.

56. Төралқа:

- 1) жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда бюджеттік қаражаттардың есебінен адвокаттармен көрсетілетін, мемлекетпен кепілдендірілген заң көмегін көрсету бойынша Алқаның жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Адвокаттар алқасының Жалпы жиналысын (Конференцияны) шақырады және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) адвокаттардың кәсіби және өзге құқықтарын қорғайды;
- 4) Адвокаттар Алқасы мүшелеріне қабылдауды іске асырады, Алқа мүшелері қатарынан шығарады, адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;
- 5) Республикалық адвокаттар алқасына олардың қызметі туралы жалпылоанған есептерді тоқсан сайын ұсынады;
- 6) жүктілік және босану немесе үш жасқа дейін бала күтімі бойынша демалыста болуы кезеңіне адвокаттарды және уақытша еңбекке қабілетсіздігі салдарынан екі ай қатарынан адвокаттық қызметті іске асырмайтын адвокаттарды мүшелік және нысаналық жарналарды төлеуден босатады;
- 7) адвокаттың әрекетіне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарды (ұсыныстарды) тексеру жұмысын ұйымдастырады;
- 8) адвокаттардың аттестациялануын және олардың біліктілігін жоғарылату жұмысын ұйымдастырады;
- 9) лицензияға адвокаттың қатынасында адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияның әрекет етуін тоқтата тұру немесе «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы ҚР Заңымен қарастырылған негіздер бойынша адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияның әрекет етуін тоқтату туралы талап-арызын даярлау туралы өтінішхатты ұсынады;
- 10) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын адвокаттардың қадағалауын қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастырады;
- 11) мониторинг нәтижелері бойынша жыл сайын Алқа адвокаттары қызметтерінің (қызметтердің түрлері бойынша) орташа құнын анықтайды және осы ақпараттың адвокаттар Алқасының, Республикалық адвокаттар

- алқасының интернет-ресурстарында және бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарда орналасуын қамтамасыз етеді;
- 12) оң жұмыс тәжірибесін талдайды, жалпылайды және таратады;
  - 13) кодификациялық-анықтамалық жұмыстың жүргізілуін ұйымдастырады, адвокаттық қызмет сұрақтары бойынша әдістемелік құралдар және ұсыныстарды әзірлейді және шығарады;
  - 14) заң кеңес беру орындарын құрады, оларды меңгерушілерді лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
  - 15) Республикалық адвокаттар алқасымен бекітілген нысан бойынша адвокат куәлігін береді;
  - 16) осы Жарғымен және Адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысымен (Конференциямен) анықталатын тәртіпте адвокаттар Алқасының қаражаттарын жұмсайды;
  - 17) бухгалтерлік есептің, қаржы есептілігінің жүргізілуін, іс жүргізуді ұйымдастырады және бастапқы статистикалық деректерді құрады;
  - 18) Алқа мүлкінің жұмсалыу тәртібін айқындайды;
  - 19) Адвокаттар Алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысының (конференцияның) және Республикалық адвокаттар алқасы делегаттарының конференциясы мен олардың органдарының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
  - 20) Адвокаттардың тәртіптік комиссиясымен адвокаттың қатынасында тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылданған шағымды бағыттаған тұлғаға және Алқа мүшесіне оның алынуын нақтылайтын қамтамасыз ететін, байланыс құралдарын қолдана отырып, шешімдердің көшірмесін бағыттайды;
  - 21) Адвокаттардың тәртіптік комиссиясымен даярланған тәртіптік тәжірибенің жалпылануын қарастырады және онда мазмұндалған ұсыныстарды орындау шараларын қабылдайды;
  - 22) Адвокаттар Алқасының Ревизиялық комиссия ұсыныстарын іске асыру шараларын қабылдайды;
  - 23) Алқаның мәні мен мақсаттарына қайшы келмейтін өзге әрекеттерді іске асырады және адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысының (Конференцияның) айрықша құзыреттілігіне жататын сұрақтардан өзге, Алқа қызметінің кез-келген сұрақтары бойынша шешімдерді қабылдайды.
  - 24) адвокаттар алқасының мүшелерін ынталандыру үшін материалдарды ұсынады.
57. Адвокаттар алқасы Төралқасының отырыстары оның мүшелерінің жартысынан кем емесі қатысқан жағдайда жүргізіледі. Шешімдер Төралқа мүшелерінің басым көпшілік дауыстарымен қабылданады.
58. Жедел, кейінге қалдыруға шыдамайтын сұрақтар бойынша (қаржылықтан және адвокаттар алқасы мүшелерінің шектеу сұрақтарынан өзге) шектеу түрінде төралқа мүшелерінің жазбаша сұрауы және адвокаттар алқасына электронды поштамен бағыттау арқылы адвокаттар алқасы Төралқасының шешімдерін қабылдауға рұқсат етіледі.

59. Адвокаттар алқасы Төралқасының қаулысы Адвокаттар алқасының Төралқасының өзімен немесе адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысымен (Конференциямен) қарастырылуы мүмкін.

### 7.3. Адвокаттар алқасы Төралқасының Төрағасы

60. Төралқа жұмысын өзінің сайлануына дейін бес жылдан кем емес уақыт бойы «Ақмола облыстық адвокаттар Алқасы» Адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокаттар қатарынан төрт жыл мерзімге жасырын дауыс беру арқылы сайланған төраға (бұдан әрі – Төраға) басшылық етеді.

61. Тек қана бір тұлға бір мерзімнен артық Адвокаттар алқасы Төралқасының Төраға лауазымын иелене алмайды.

62. Алқа Жарғысына сәйкес адвокаттар алқасы Төралқасының Төрағасы:

1) Төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және Төралқа, адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысы (Конференцияның) шешімдерінің орындалуына бақылауды іске асырады;

2) Төралқа аппаратының жұмысына басшылық етеді, Адвокаттар алқасы аппараты қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды іске асырады;

3) лауазымының ақысы төленбейтін, Төралқа мүшелері қатарынан адвокаттар алқасы Төралқасы төрағасының орынбасарын тағайындауға құқылы.

4) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, өзге мекемелер мен ұйымдарда Адвокаттар алқасын ұсынады;

5) адвокатпен таңдалған адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысанын және заңды мекенжайы көрсете отырып Адвокаттар алқасы мүшелігіне кірген лицензиаттар, сондай-ақ шектелу себептерін көрсете отырып, Адвокаттар Алқасы мүшелерінен шектелгендер туралы мәліметтерді лицензиарға, Республикалық адвокаттар алқасына уақыттылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

6) Республикалық адвокаттар алқасына адвокаттармен көрсетілген, статистикалық мәліметтерді қоса алғанда заң көмегі туралы есепті Республикалық адвокаттар алқасына ұсынылуын қамтамасыз етеді;

7) адвокаттармен көрсетілген, мемлекетпен кепілдендірілген заң көмегі және бюджеттік қаражаттар есебінен қорғау және өкілдік етумен байланысты шығындарды өтеу туралы жинақ есепті аумақтық әділет органына уақыттылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

8) адвокаттыққа тағылымдамадан өтушілердің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

9) адвокаттардың біліктілікті жоғарылату бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді;

10) Адвокаттардың тәртіптік комиссия қызметін қамтамасыз етеді;

11) Адвокаттар алқасының Интернет-ресурсына адвокаттардың тәртіптік комиссия жұмысының нәтижелерінің орналасуын қамтамасыз етеді;

- 12) Адвокаттар алқасы мен Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарына адвокаттар Алқасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепті орналастыруда Ревизиялық комиссияға жәрдем етеді;
- 13) Адвокаттар алқасының Төралқасына Адвокаттар Алқасына мүшелікке қабылдау және Адвокаттардың тәртіптік комиссия шешімдерінің негізінде адвокаттар Алқасы мүшелерінің қатарынан шығару туралы сұрақтарды қарастыруға ұсынады;
- 14) Адвокаттар алқасының Жалпы жиналысының (Конференцияның) және оның органдарының айрықша құзыреттілігіне кірмейтін өзге сұрақтарды адвокаттар алқасы Төралқасының қарастыруына ұсынады;
- 15) Адвокаттар алқасының Жалпы жиналысының (Конференцияның) және оның органдарының айрықша құзыреттілігіне кірмейтін, Адвокаттар Алқасы қызметінің өзге сұрақтарын шешеді.

#### 7.4. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы

63. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мен оның органдарының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын адвокаттар алқасының органы болып табылады.
64. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің қатарынан құрылуы мүмкін. Ревизиялық комиссияның мүшелері адвокаттар алқасында өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес.
65. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.
66. Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде, өтеусіз жүзеге асырады.
67. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) екі жылдан аспайтын мерзімге сайланады және алқаның жоғары басқару органына есеп береді.
68. Дәл сол бір адам адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.
69. Алқаның қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жылына 1 реттен сирек емес жүргізіледі.
70. Заң кеңес берулерінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру Адвокаттар алқасы Төралқасының шешімі немесе адвокаттар алқасының ревизиялық комиссия бастамасы бойынша жүргізіледі.
71. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы міндетті тәртіпте адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы жылдық есептің тексерілуін жүргізеді және оның нәтижелерін адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының Интернет-ресурстарында орналастырады.

72. Адвокаттар алқасының ревизициялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің кезекті Жалпы жиналысына (конференцияға) есепті ұсынады. Есепті ұсынғанға дейінгі 10 күн бұрын адвокаттар алқасының Ревизиялық комиссиясы оны адвокаттар алқасының Интернет-ресурсына орналастырады.

73. Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының есебін ұсыну мерзімділігі, жұмыс тәртібі Жарғымен және адвокаттар алқасының ішкі құжаттарымен анықталады.

74. Ревизиялық комиссия адвокаттар Алқасының қаржы-шаруашылық қызметінде анықтаған дөрекі бұзушылықтарымен байланысты Адвокаттар Алқасының кезектен тыс жиналысының (Конференцияның) шақырылуын талап етуге құқылы.

### **7.5. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы**

75. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы Адвокаттар алқасының Төралқасының, облыстың, қаланың Әділет Басқармасының ұсынысы бойынша қоғамның үш өкілінің және отставкадағы екі судьяның ұсынысы бойынша іске асырылмаған тәртіптік жазалауы жоқ, қатынасында тәртіптік өндірісі жоқ, бес жылдан кем емес адвокатты тәжірибе өтіліне ие, құрамында алты адвокат бар, екі жылдан кем емес мерзімге адвокаттар алқасының Жалпы жиналысымен (Конференциямен) сайланған, Алқаның тәуелсіз органы болып табылады.

76. Адвокаттардың Тәртіптік комиссиясының төрағасы оның құрамына сайланған адвокаттардың қатарынан адвокаттар алқасының Жалпы жиналысымен (Конференциямен) сайланады.

77. Тек қана бір тұлға бір мерзімнен артық адвокаттардың тәртіптік комиссиясының құрамында бола алмайды.

78. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы бұзушылық анықталған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде адвокаттар Алқасының мүшелері және адвокаттыққа тағылымдамадан өтушілердің қатынасында тәртіптік істі қарастырады.

79. Адвокаттарды тәртіптік жауапкершілікке тарту алқаның Жарғысына және Республикалық адвокаттар алқасы конференциясымен бекітілген адвокаттардың Тәртіптік комиссиясы туралы Ережеге сәйкес адвокаттардың Тәртіптік комиссиясымен іске асырылады.

80. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімдерді міндетті сипатқа ие.

81. Тәртіптік комиссия адвокаттар алқасының Жалпы жиналысына (Конференциясына) есепті.

### **7.6. Адвокаттық этика жөніндегі комиссия**

82. Адвокаттық этика жөніндегі комиссия кәсіби және этикалық қылық нормаларын адвокаттардың және адвокаттыққа тағылымдамадан өтушілердің



қадағалауы, жеке және заңды тұлғалардың жүгінулеріне алдын-ала тексерулерді жүргізу мақсаттарында құрылады.

83. Адвокаттық этика жөніндегі комиссия іске асырылмаған тәртіптік жазалаулары жоқ, қатынасында тәртіптік өндіріс жүргізілмеген, адвокаттар қатарынан 4 (төрт) жыл мерзімге ашық дауыс беру арқылы адвокаттар алқасының Жалпы жиналысымен (Конференциямен) сайланады. Адвокаттық этика жөніндегі Комиссияның сандық құрамы адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысымен (Конференциямен) анықталады.

84. Адвокаттық этика жөніндегі Комиссия Төрағасы адвокаттар алқасының Жалпы жиналысымен (Конференциямен) адвокаттық этика жөніндегі Комиссияның сайланған мүшелері қатарынан ашық дауыс беру арқылы сайланады.

85. Адвокаттық этика жөніндегі Комиссияның қызметі мен құзыреттілік тәртібі адвокаттар алқасы мүшелерінің – Жалпы жиналысымен (Конференциямен) бекітілген адвокаттық этика бойынша Комиссия туралы Ережемен бекітіледі.

## **ТАРАУ 8. ЗАҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

86. Азаматтардың білікті заң көмегіне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады. Заң консультациясының орналасу орны адвокаттар алқасының Төралқасымен анықталады.

87. Заң консультациясы адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады. Оның өз атауы және тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі көрсетілген мөрі, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыруға қажетті өзге атрибутикасы болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын Ереже негізінде жұмыс істейді.

88. Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын меңгеруші Адвокаттар алқасы Төралқасының құзыреттілік мерзіміне басқарады.

89. Меңгеруші жұмысының қанағаттанарлық емес деп мойындалуы жағдайында заң консультациясының меңгерушісі лауазымнан босатылуы мүмкін.

## **ТАРАУ 9. АДВОКАТТЫҚ КЕҢСЕ**

90. Адвокаттық кеңсе коммерциялық емес ұйым болып табылады. Адвокаттық кеңсе адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында құрылады (жасалады)

91. Адвокаттық кеңсені адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) құрады (жасайды). Адвокат тек бір ғана адвокаттық кеңсенің әріптесі бола алады.

92. Адвокаттық кеңсенің әріптестері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал адвокаттық кеңсе өз әріптестерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

